

2015 жылға Көкшетау қаласында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № А-12/2192 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 қаңтарда № 4594 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7 баптарына сәйкес, Көкшетау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. 2015 жылға Көкшетау қаласында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) 21 жастан 29 жасқа дейінгі жастар;
- 2) елу жастан жоғары тұлғалар;
- 3) техникалық және кәсіптік білім ұйымдарын бітірушілер;
- 4) ұзақ уақыт бойы (алты айдан астам) жұмыс істемейтін тұлғалар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары А.Б. Әміреноваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а л а ә к і м і н і ң
міндетін атқарушы *А.Смайылов*